



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Характерно, что поэт воспеваает природу не ради простого любования ее красотой, а в тесной связи с жизнью человека, с общественными условиями. В этом проявилось высокое мастерство поэта – реалиста.

В произведениях Алтынсарина отражена его отношение к искусству. Своими стихотворениями и рассказами он воспитывает в юношах и девушках понимание красоты природы, человеческих чувств. Задачи литературы он видел в отражениях объективной деятельности, и творческие задачи писателя связывал с повседневной жизнью народа, общества. По его мнению, художественной литературе видное место должны занимать вопросы просвещения, воспитание подрастающего поколения, преодоления остатков патриархально – родового быта в казахском обществе.

Ы.Алтынсарину принадлежит особое место в истории казахского народа. Он, как и его современники Ч.Валиханов и А.Кунанбаев, сыграл ведущую роль в духовном, культурном и экономическом развитии казахского народа. Совесть, патриотический долг гражданская ответственность перед детьми, внуками и правнуками обязывают нас оживлять народную память, изучая и пропагандируя идею выдающихся наших земляков.

Список литературы:

1. Жарикбаева К., Калиев С. Антология педагогической мысли Алматы: Рауан, 1995 г.
2. Джумагулов К.Т. Алтынсарин и развитие культуры казахского народа. Алма-Ата: Казахстан, 1984 г.

ӨОЖ 37.034

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАНАРТУДА Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ИДЕЯЛАРЫ

*Шуйкебаева Баян–Сулу Муратовна
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасының «Қостанай қаласы білім
бөлімінің №3 мектеп–гимназиясы» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E – mail: bayan-sulu-77@bk.ru*

Аңдатпа

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұовтың педагогикалық идеялары мен қазіргі білім берудегі сабақтастықтары туралы айтылады. Олар жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл аударды, сол жолды әлі күнге дейін біз жалғастырып келеміз. Қазақ даласындағы аумалы – төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлаған ғалымдар туралы терең ойлар айтылған. Қазіргі білім беру саласына үлкен өзгерістер енгізіліп жатқандығы туралы баяндалған.

Түйінді сөздер: мақала, сабақтастық, идея, ұрпақ, өзгерістер.

Аннотация

В этой статье изложены педагогические идеи Ибрая Алтынсарина и Ахмета Байтурсынова, которые придавали огромное значение воспитанию и образованию молодежи. Их прогрессивные взгляды имеют преемственность с современным образованием и внедряются в педагогический процесс и сегодня. Нас поражает глубина мыслей просветителей. Они предвидели те изменения, которые сегодня находят воплощение в обновлении содержания образования.

Ключевые слова: статья, преемственность, идея, поколение, изменения.

Abstract

This article presents the pedagogical ideas of Ibray Altynsarin and Akhmet Baitursynov, who attached great importance to the upbringing and education of young people. Their progressive views have continuity with modern education and are being introduced into the pedagogical process today. We are struck by the depth of the enlighteners' thoughts. They foresaw the changes that today are embodied in the renewal of the content of education.

Key words: article, continuity, idea, generation, changes.

Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құрамыз десек, дәл бүгін мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз керек. Осы талап пен міндеттерді орындалуындағы ең бір пәрменді құрал – оқу, тәлім – тәрбие жұмыстарында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын пайдалану. [1, б. 320] Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандар даярлау және жасампаз іс әрекетті қалыптастыру. Олай болса, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы мәселелер ауқымындағы ой пікірлерін зерделеу, сипаттау, таразылау, жинақтау, оларды қоғамдық іс – тәжірибе шеңберіне енгізу.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы – педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым – қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі – Ыбырай. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл – парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балғожаның ықпалы ерекше болды. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім – тәрбиесін, үлгі – өнегесін көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңдіре білді. Ы.Алтынсариннің ұлттық эстетикалық тәрбие проблемаларын қозғайтын арнайы еңбектерін жазып қалдырмағаны белгілі, бірақ Ы.Алтынсариннің ұлттық – эстетикалық тәрбиеге қатысты оның педагогикалық қызметінен көрініс тапты. Ы.Алтынсарин шығармалары халқымыздың салт – дәстүрі, әдет – ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнде келеді. Ы.Алтынсарин жастарды оқу – білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әр түрлі ұстаздық амал тәсілдерді қолданады.

Бір алпауыт сыйынып Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық! – деген жолдармен басталатын өлеңінде білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мән бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. [2, б. 1] Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей – жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл – қыздарының оң қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген.

Сонымен Ыбырай өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының жаңа буынын тәрбиелеп, олардың озық мәдениетті елдерден үлгі ала отырып, білімді де саналы азамат болып жетілуіне айтарлықтай үлкен үлесқосты. Ыбырайдың бұл тарихи қызметі кезінде өзінің замандас достары Н.И.Ильминскийдің, А.А. Мазохиннің, Ф.Д.Соколовтың, А.В.Васильевтың, А.Е.Алекторовтың, Ғ.Балғымбаевтың естеліктерінде жылы ілтипатпен аталып жоғары бағаланды. Алайда ұлы ағартушының сан қырлы педагогикалық, ғылыми зерттеулері, сондай – ақ өлеңдері мен прозасы, аудармалары біздің заманымызда ғана терең зерттеліп, өзінің тиісті, әрі байсалды бағасын алды. [3, б. 2] Қоғамдық ой – сананың дамуына өзіндік үлес қосқан ұлы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсарин есімі де тұрады. Ұлы ғалым – педагог Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» және «Таза бұлақ» деген оқу – әдістемелік еңбектері қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында аса зор оқиға болып бағаланады. Және болашақ ұрпақтың ақыл ойы мен жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік, эстетикалық еңбек дағдылары мен қасиетін тәрбиелеудің негізі болып есептеледі. Жеке тұлғаны оқу мен өнерге, мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде Ы.Алтынсарин аса бағалы, бай қор – қазақ фольклорына ерекше назар аударды. Бұлдан ұлы ағартушының істеген ісінен, шығармаларынан бала тұрғысынан қалыптастыру мен тәрбиелеуде қазақ отбасының тәлім аларлық ең жақсы дәстүрлеріне жоғары баға бергендігін көреміз.

Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, алғашқы тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді.

Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, әсерлі әңгімелері, мысалдары қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Ы.Алтынсариннің тіл тазалығы үшін күрескерлігі, педагогикалық ілімнің тұңғыш кемеңгері екендігі мойындалады.

Ал қазақ даласындағы оқу ағарту мәселесін іс жүзінде тұңғыш рет қолға алған Ы.Алтынсарин болса, оның салған ағартушылық жолын ілгері жалғастырып, дамытушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын – аудармашы Ахмет Байтұрсынұлы. Яғни, қазақтың «екінші Алтынсарины» аталған А. Байтұрсынұлы саналы ғұмырын білімге арнап, кейінгі ұрпақ үшін ағартушылық жолды барынша жеңілдеткен ғұлама. Ол қазақ даласындағы білім берудің, мектептердің жайын, бала оқытудың жолдары мен тәсілдерін тек баспасөз жүзінде ғана көтеріп қоймай, өзінің бар ықыласын оқу мен білім әдістеріне аударып, осы жолда мол қазына қалдырған, өлмес мұра жасап кеткен данышпанғалым.

«Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ – қорға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың» – немесе,
«Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын

Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін», – деп, айтатын Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық деңгейде дәріптелуі тиіс ұлы ұстаз. Ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, соныдан із салған жаңашыл ағартушы ғалым. А.Байтұрсынұлының жазған мектеп оқулықтары 1914 жылдан

бастап 1928 жылдарға дейін пайдаланылып келді. Одан кейінгі күндері де, бүгінгі күні де ғалымның еңбегі еш ескірген емес. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының «Әліпбиімен» ашып, ана тілін Байтұрсынұлының «Тіл құралы», «Оқу құралы» арқылы оқып үйренді. Ы. Алтынсарин балаларды оқуға үндегенде «Бір Аллаға сыйынып, Кел балалар оқылық!», деп бастаса А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы. Қазақша алифба» (Орынбор 1912 жылы басылып шыққан) оқулығы «Би исми иллаһи рахмани рахим!», деп Құран сөзімен ашылады. Одан соң барып: «Балалар, бұл жол басы даналыққа,

Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та!

Бұ жолмен бара жатқан өзіңдей көп,

Соларды көре тұра қалалық па?

Даналық өшпес жарық, кетпес байлық,

Жүріңдер іздеп, тауып алалық та!», деген насихаттық жыры жазылады. Тағы бір өлеңінде:

«Балалар,, жатпа қарап,

Жуынып, киіңдер шапшаңырақ.

Шақырды тауық мана әлдеқашан,

Қарап тұр терезеден күн сығалап», – деген өлең шумақтарымен балаларды мектепке, оқуға шақырады. Бір сөзбен айтқанда, Ы.Алтынсариннің де А.Байтұрсынұлының да қазақ халқы үшін, әлеуметтің оқу ағарту ісін алға бастыру үшін жасаған еңбегі орасан зор. Сондықтан да осыншама сарқылмас мұраны мирас етіп қалдырған данышпандардың еңбегімен баланы алғаш мектеп табалдырығын аттаған тұстан бастап таныстырудың мәнісі де үлкен. Кезінде «Оқы, оқы және оқы» деген Құран сөзін иемденген Ленинсіз мектеп есіктері ашылмайтындай еді. Ал қазақ балалары үшін осы екі ғалымның жасаған сыйын неге сондайлық деңгейде көтермеске?!

Мұхтар Әуезов А.Байтұрсынұлы туралы: «Бір басында сан салалы өнер тоғысқан, телегей – теңіз энциклопедиялық білім иесі, қайшылығы мол тартысты ғұмырында қараңғы қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген ірі тұлға, халықтың рухани көсемі», деп дұрыс баға берген. Сондықтан да ұлттың рухани көсемдері шын мәніндегі көсемдер деңгейінде ұлықталуы тиіс.

Қазіргі таңда Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңінде тұрмыз. Әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, жаңа кәсіби білім алуын, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Яғни, Ыбырай Алтынсаринның ұлы, сара жолын әліде жалғастырып келеміз. Білім беру саласындағы реформалар, әлбетте жаңалықтар, оны тәжірибеге енгізу, оның нәтижесін, қорытындысын шығару үшін жылдар керек болады.

«Шеберліктің белгісі – әртүрлі әдісті біліп, сабақта орынды қолдана білу» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, заман талабына сай қазіргі мектеп мұғалімдері оқыту әдістерін жаңа бағытта құрып, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздейді.

Жаңа инновациялық технологияларды қолдану, яғни ойлауға үйрету, оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім – осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Қазіргі өзекті проблемалардың бірі – мектеп оқушысы әдеби кітап оқымайды, тек бар ақпаратты интернеттен іздеп, тауып алып, оқып, көшіріп алып, дайын материалмен жұмыс жүргізіп, қысқа оймен шектеліп жүр. Бүгінгі оқушылардың сөздік қоры тайыз. Себебі оқу материалынан басқа әдеби, тарихи кітап оқуға деген ынта жоқ. Ыбырай атамның барлық білімдік, тәрбиелік мәні бар әңгімелері, өлеңдері оқулыққа енгізілген, қазіргі ата – аналар мен мұғалімдер соған шүкіршілік етеді. Осындай жағдайда жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден бір шарты – мұғалімнің ізденімпаз болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың міндеті болуы керек. Қазіргі сабақтар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, жұптық және ұжымдық бірлесіпжұмыс жасауға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ең бастысы оқушы білімінің тереңдігі мен тиянақтылығын арттырады.

Білім берудің әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі бар. Бірақ, бұлар бір – бірімен өзара өте тығыз байланысты болып келеді. Қазіргі балаларды оқытуда ойлауды үйрету үшін алдымен уақыт керек, оқушыларға ойланып толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру, әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау, үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдану, бір – бірінің жауабына жасаған жұмыстарының дәлелді, дәйекті болуын талап ету. Сол сияқты тіл тазалығын сақтау, тіл дамыту жұмыстарын сабақта жүргізу тіл пәні мұғалімдерінің ғана проблемасы болмауы керек, барлық пән мұғалімдері талап етуі тиіс. Тұлғаның ойын тіл арқылы жеткізуі, сауаттылық проблемасын да жүзеге асыру бүгінгі күні мұғалімнің білімділігіне де байланысты.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде өз басым әр сабақтарымда тілді меңгерту мақсатымен айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым 4 дағдыны оқушымен жұмыс жасау барысына

қатыстырып отырамын. Түрлі аудио, бейне жазбалар тыңдату, көрсету арқылы сабақтың эмоциялық реңкіне көп назар аударуға тырысамын. Жоғарыда аталған білім мазмұнын жаңартудағы қазақ тілін оқытудағы негізгі бағыттар оқушылардың тілді жетік меңгеруіне әкеледі деген ойым бар. Мысалы:

Тыңдалым сөздер мен мәтіндердің мағынасын түсіну, ауызша хабарламаларды есте сақтауға негізделеді.

Айтылым сөздік қорды қолдану десе де болады. Өз ойын дәлелдеп жеткізе білуі.

Оқылым арқылы оқушылар мәтінді оқи отырып жан – жақты талдау жасай алады.

Жазылым грамматикалық және сөздік нормаларды, орфографиялық қағидаттар мен пунктуациялық нормаларды білуге негізделеді.

Қазақ балалары үшін ана тілінде құнды әңгімелер мен өлеңдер жазған Алтынсарин қазақ әдебиеті тарихында Абаймен қатар жазушы – суреткер ретінде тиісті орын алды. Оның шын ниетімен, жан – тәнімен жазған шығармаларының соншалықты ол күні бүгінге дейін жастарды жалықтырып, ескерген жоқ. Алтынсарин өз халқының игілігі үшін қажымай еңбек етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Ол жастарды жарқын болашақ үшін қажымай күресуге, көршілер (орыстар) мәдениетін қабылдап, ұғынуға жол көрсетті. Ол болашаққа деген сенімді қолдады. Өзінің барлық сөздерінде еңбекші қазақ халқын, қарапайым халықтың бишаралық халге түскен балаларын ескеріп, сонымен бірге билеуші топтардың тұрмысы мен әдет – ғұрыптарының жарамсыз жақтарын көрсетті. Ыбырай Алтынсарин – оқушы педагог қана емес, оқу – ағарту майданының белсенді қайраткері еді. Оқу инспекторы қызметін атқарып жүрген кезінде ауылдарға мектеп ашты. Ақтөбе, Торғай, Ырғыз, Троиц уездеріне бір – бірден орталық училище ұйымдастырды. 1881 жылы Орск қаласында қазақ мектептерін мұғалімдер даярлайтын училище аштырды. Жеті жерден болыстық мектеп ұйымдастырды. Ол мектептердің бесеуі ұлыағартушы тірісінде: Бөрте, Қарабұлақ, Обаған, Жетіқара болыстарында 1887 жылы Қараторғай болысында 188 жылы ашылды. Қалған екеуі Ыбырай қайтыс болғаннан кейін 1991 жылы ашылды. Алтынсариннің педагогикалық тәрбие қиялдары мен мектеп системасы ғылымменжалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйіспеншілікпен қарап, оны қадірлеуге және өз халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделген. Ыбырайдың да алға қойған мақсаты – қайткен күнде де «қалың елі, қазағым» терезесі тең көсегелі, көргенді мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңмен жалғыз алысып», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш – қайратын, ақыл – парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараны шынайы қамқоршылары бола білді. Ыбырай идеяларын дамытып, қоғамда пайдалана білу үлкен бір жетістік. [4, б. 25]

Қорыта айтатын болсам, *білім беру саласында* мұғалімнің алдына қойған қазіргі мақсаты – Ыбырай Алтынсарин атамыздың салып кеткен сара жолымен, оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет – ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру – әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім» деп Стронг айтқандай, ұстаздық білімділікпен қоса ізденімпаздықты, дарындылық, ұйымдастырушылық, тағы да көптеген құндылықтарды талап ететін маман иесі. Шығармашылық қабілет баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету. Ол үшін мұғалім ғылымда болып жатқан жаңалықтармен үнемі танысып, өз біліктілігін үнемі арттырып, толықтырып отыруы керек.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің тиімділігінің басты көрсеткіші – білім сапасы мұғалімнің негізі міндеті – оқушыны білімге, өз бетінше ізденіске және шығармашылық жұмысқа баулу болып табылатыны бәрімізге белгілі. Елбасының жолдауында: «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» делінген. Қазіргі жас буын жан – жақты терең білімді, саяси – экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж. [https://bilim – all.kz/olen/297–Kel–balalar–oqylyq](https://bilim-all.kz/olen/297-Kel-balalar-oqylyq) [2, 1 б.]
2. Ы. Алтынсарин «Өнер білім бар жұрттар» Алматы, 1989ж [https://studylib.net/doc/25705308/ybyraj–altynsarinn%D1%96%D2%A3–pedagogikaly%D2%9B–k%D3%A9z%D2%9Barastary](https://studylib.net/doc/25705308/ybyraj-altynsarinn%D1%96%D2%A3-pedagogikaly%D2%9B-k%D3%A9z%D2%9Barastary) [4, 25 б.]
3. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. 320 бет [https://oqu – zaman.kz/?p=15692](https://oqu-zaman.kz/?p=15692) [1, 320 б.]
4. Ы.Алтынсарин тағылымы. Құрастырған М.Жармұхамедов [https://imunch.za.com/kk – kz – 62011908](https://imunch.za.com/kk-kz-62011908) [3,

2 б]